

2023-2024 оқу жылы бойынша 8а сыныбының тәрбие жұмысының талдауы

**Оқу жылының басында 8а кл 24 оқушы,оның 13 қыз ,11 ұл,білім сапасы : 54%, оқу озаты -4, оқу екпіндісі-9 .**

**Ұлттық құндылықтар: Ұлттық құндылық, Ар-ұят, талап.**

Оқу жылының басында біртұтас тәрбие бағдарламасы мен ұлттық құндылықтарды негізге ала отырып сыныптың тәрбие жұмысының тақырыбы мен мақсаты құрылып,жыл бойына атқарылатын жұмыстар менкүтілетін нәтиже жоспарланған болатын .

**Сыныптың тәрбие жұмысының тақырыбы: Балаларды өзін-өзі басқару және жауакершілікке тәрбиелеу.**

**Сыныптың тәрбие жұмысының мақсаты:** Оқушылардың зияткерлік, шығармашылық, тұлғалық-адамгершілік қасиеттерін дамытуға ықпал ететін жағдайлар жасау.

Тәрбие жоспары бағдарлама бойынша 34 сағатқа құрылды. , әр бағыт бойынша класс сағаттары уақытында жүргізіліп отырды. Қосымша бағдарламалар бойынша да тәрбие сағаттары уақытында өткізіліп отырды. .Сынып оқушылары мектепішілік белгіленген шараларға да белсене араласып атсалысты.

25 қазан – Республика күні **«Қазақстаным байтақ,мекенім!»** тақырыбына сынып сағаты өткізіліп, ұлттық мүдеге негізделген патриоттық әндер, өлеңдер мәнерлеп оқылды, қазақ халқының тарихынан видеороликтер көрсетіліп, түрлі тапсырмалар орынлад,оқушылардың дайындауымен көрініс тамашаланды.

16 желтоқсан – Тәуелсіздік мерекесіне орай **«Тәуелсіздік - тұғырым»**тақырыбына тәрбие сағаты өтті.Сабақта тәуелсіздік құрбандары туралы еске алу бір минуттық үнсіздікпен басталып, ақпараттық видеороликпен жалғасып, Қара бауыр қасқалдақ әнімен сабақ аяқталды. Оқушылар сабақтан тың мәліметтер алды.

Желтоқсан айында ата аналарды педагогикалық қолдлау орталығының жоспары бойынша **«Балаға үйрету: ақылыңды мейірімге орап бер»**,Өз балаңыздың кілтін қалай табуға болады? тақырыбында ата аналарға сабақ өткізілді. Сабаққа 15 ата ана қатысты. Сабақ аналарды ортаға қалыптастыру,еркін отыруға шақыру мақсатында тренингпен басталды. Тақырыпқа сай тапсырмалар орындалып,топтық жұмыстар орындалып, көрініс көрсетілді.

Оқуға құштар мектеп бойынша мектеп ішілік іс-шараға белсене араласып оқыған кітап бойынша көрініс, мақала жазып , өлеңдерді мәнерлеп оқып оқыған кітаптарымен бөлісті. Оқушылар мектептегі түрлі үйірмеге қатысып , спорттық сайыстарға тоғызқұмалақ, қазақ күресінен аудандық және облыстық жарыстарға қатысты. Қожабек Ә,Күнтуған А,Жаңабекұлы Б аудандық,облыстық спорттық жарыстарында жүлделі 1-2 орындар иеленсе, Тулегенов Е, Ерболатқызы К,Қожабек Ә облыстық пәндік олимпиадалардан жарыстарға қатысып ,жүлделі орындарға ие болды. Амангелді М, Сәкенұлы С «Айқанат » олимпдасына қатысып ,аудандық кезеңнен сүрінбей өтіп,облыстық кезеңге қатысты.. Барлық жоспарға сай жұмыстар атқарылды. Ұлттық құндылықтарға негізделіп жасалған мақсаттарға сай күтілетін нәтижеге қол жеткізілді .

Сынып жетекшісі :

Дуйсенбаева Г,С.